

**Б.У.Әзібаева**

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты,  
бас ғылыми қызметкері, филол.ғ.д., профессор,  
Алматы, Қазақстан  
E-mail: [archaica\\_kz@mail.ru](mailto:archaica_kz@mail.ru)  
ORCID: 000-0002-4803-458X

## ҚАЗАҚ ҚАҺАРМАНДЫҚ ЭПОСЫНЫҢ НОҒАЙЛЫ ЦИКЛЫ

**Түйіндеме.** Ұлттық фольклордың маңызды һәм бай саласын эпостық жырлар құрайды. Элемдік эпикалық қордың ажырамас құрамдас бөлігі болып табылатын эпосымыздың мәнді, тұрақты тақырыптарын былайша топтауға болады: жалғыз, саяқ жүретін аңшы-мергеннің ерлігі; отбасын қорғау; ру, тайпасын, елін, Отанын басқыншы жаудан қорғау; бірлік пен тәуелсіздік үшін күрес; жеке тұлғаның жеке басының махаббаты, бақыты, ары мен намысы үшін күресі; қауымның қарапайым мүшесінің мінез-құлқы мен ішкі жан күйзелісін бейнелеу; жеке адамның діни сезімдерін суреттеу; ұжым мүшелерінің өзара және ру, тайпа аралық қарым-қатынастардың көрінісін беру т.б.

Осылардың ішінен бүкіл халықтың мүдде-мақсатынан шығатын Отанды қорғау тақырыбы Қазақ елі тарихының көптеген кезеңдерінде алдыңғы кезекке шығып, басымдық мәнге ие болды. Дәстүрлі қаһармандық пен тарихи жырларымызда туған елді, Отанды сырттан келген дұшпаннан арашалау мәселесі, яғни қаһармандық-патриоттық концепт мейлінше саналы, түпкі әрі доминантты концепт болып келді. Отанды қорғау идеясы классикалық қаһармандық жырларда жарқын көрініс тауып, ал онда әспеттелген қорғаушы баһадүрлеріміздің ерлігі сан түрлі ұрпақты өршіл рухта тәрбиеледі.

Қаһармандық эпостың классикалық үлгілеріне жататын «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Қамбар батыр» сынды жырлардың бас қаһармандары ру, тайпаның бостандығы мен тәуелсіздігі, тыныштығы мен бақытты өмірі үшін дұшпанға қарсы тұрып, аянбай күреседі. Батырлық эпостың ноғайлы циклының кейіпкерлері жеке ру, тайпа емес, бүкіл Ноғайлы елін қорғайды, ал тарихи жырларда батырларымыз Қазақ хандығын қорғайды, бүкіл қазақтың мүдде-мақсаты үшін ерен қызмет етеді. Аталған жанрлар эпосымыздың ру, тайпалық деңгейден мемлекеттік эпосқа дейін даму үдерісінің панорамалық картинасын береді. Демек, ноғайлы циклы қаһармандық рухтағы жырлардың маңызды құрамдас элементі, қазақ эпосының тарихи даму үдерісіндегі белгілі бір кезеңнің көрінісі, символы.

Ноғайлы циклына кіретін жырлар жалпы қазақ эпикалық дәстүр аясында жасалғанымен, өзіне ғана тән сипаттармен ерекшеленеді.

**Кілт сөздер.** Қаһармандық эпос, ноғайлы циклы, фабула, қаһармандық дәуір, қаһармандық-патриоттық концепт, сюжетқұраушы өмірлік коллизиялар, руханият, бала батыр, тарих және эпос.

**Кіріспе.** Қазақ эпосы мифологиялық синкретизм аясында пайда болып, тарихи даму жолында саналуан түрлік/жанрлық трансформациядан өтті. Ол, кейіпкері мифтік күштермен айкалатын көне түрден ХІХ ғасырда жанр ретінде толық қалыптасқан, кейіпкері жеке даралық қасиеттерге ие, патриархалды-феодалдық қоғамның қағида, ұстанымдарына қарсы шыққан/тұрған, өз тағдырын өзі шешуге ұмтылған және сол жолда аянбайтын, ортағасырлық түркі және шығыс фольклоры мен әдебиетінің ықпалын сіңірген дастандық эпосқа дейін

дамыды. Жинақтап айтқанда, халқымыздың эпостық қазынасы шығу тегі мен даму жолдары, эволюциясы, жанрлық белгілері мен өзіндік ерекшеліктеріне орай, көне эпос, қаһармандық эпос, ғашықтық (романдық) эпос, тарихи эпос, дастандық эпос деп жіктеледі. Эпосымыздың бұл түрлері типология тұрғысынан өзара күрделі өзгешелік, айырмашылықтарға ие болғанымен, эпикалық шығармашылық туғызған, өзінің табиғи жолымен өмір сүріп, дамитын біртұтас көркемдік әлем, көркемдік жүйе құрайды.

Қазақ эпосы туралы айтқанда алдымен батырлық эпос түрін ауызға аламыз. Қаһармандық эпостың басты тақырыбы – туған жерін, Отанын басқыншы жаудан қорғау. Қаһармандық эпостың идеялары мен концепциясын жүзеге асырушы, сюжеттің басты қозғаушысы, дамытушысы – қаһармандық типтегі кейіпкер, жау жүрек батыр, қорғаушы батыр. Қорғаушы батыр көне архетиптердің бірі – қолынан бәрі келетін, басқалардан ерекше «қаһарман» архетипін жүзеге асырушы, соның символы.

Қаһармандық эпос ғасырлар бойы қалыптасты. Қалыптасу үдерісінде ол өзіне дейінгі көне (архаикалық) эпостың эволюцияға ұшырап, трансформацияға түскен негізгі параметрлерін жаңа деңгейде, жаңа сапада бойына сіңірді, ал кейінірек тарихи эпостың пайда болып даму процесінде маңызды рөл атқарды.

**Әдістер.** Объективті-аналитикалық, тарихи-типологиялық, жүйелеу әдістері.

**Нәтижелер.** Ноғайлы циклына кіретін шығармалар ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа ауысып келе жатқан жыршылық өнер дәстүріне бай орталықтардың бірі Батыс Қазақстан аумағында жасалды. Цикл қаһармандары Ноғайлы елінің өкілі, тумасы ретінде тұтас сол елдің ар-намысы мен бостандығын қорғайды. Ноғайлы циклы аясында жасалған жырлар өзіндік жанрлық белгілерімен сипатталып, белгілі дәрежеде классикалық жырлардан өзгешеленеді.

**Талдау.** Қаһармандық жырлар шартты түрде екі топқа бөлінеді: 1) классикалық үлгілері мен 2) ноғайлы циклы. Бірінші топқа қаһармандық эпостың классикалық үлгілері деп мойындалған, ру-тайпалық эпостың жарқын үлгісі болып табылатын «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр», «Қамбар батыр» эпостары жатады. Алпамыс қоңырат тайпасының, Қобыланды қыпшақ тайпасының, Қамбар арғын тайпасының (кей нұсқаларда – уактың) намысын қорғайды. Аталған эпостарда ерекше жағдайда дүниеге келген, тайпаның қорғаны, басшысы болуға лайықты, мінсіз қаһарман дәріптеледі, алфабулалық негіздері көне, ғылымда «халықаралық сюжет», «ортақ сюжет» деп жіктелген сюжеттердің қабатынан құралады. Классикалық жырларымыз ХХ ғасырда отандық ғылымда жан-жақты, терең зерттелген жанр болды десек қателеспейміз. Бүгін де батырлық жырларымыз қазақстандық ғалымдармен қатар, алыс шетелдегі ғалымдардың да назарында (Нұрмағамбетова, 2003), (Жүргенев, 2017), (Ким, 2010).

Екінші топқа, яғни ноғайлы циклының құрамына: 1) жеке батырларға –

Ер Тарғын, Едіге батыр, Орақ, Мамай, Қарасай мен Қазі, Ер Сайын, Шора батыр, Ер Көкше мен Ер Қосай, Бөген, Қарабек батыр, Төрехан сынды батырларға арналған, бүгінгі күнге бірнеше нұсқаларымен жеткен көлемді эпостар және 1) «Қырымның қырық батыры» топтамасы кіреді.

Ноғайлы циклын құрайтын эпостардың тарихи фонын Алтын Орда мен Ақ Орда құлап, оның орнына Қырым, Аштархан, Қазан, Ноғай мен Қазақ хандықтары пайда болған XIV – XVII ғасырлардағы оқиғалар құрайды. Алтай мен Еділ аралығындағы байтақ далада Шыңғыс ханның қалың әскері кірмей тұрып-ақ интеграциялық өзгерістер, бауырлас түркі тайпаларының бірігуі басталған болатын. Түркі дәуіріндегі адамдар өздерін белгілі бір тайпаға жатқызумен қатар, өздерінің неғұрлым ірі тілдік, саяси бірлікке жататынын да сезді, ортақ «түркі» атауын қабылдады. Мұндай сезімнің шығуына бір кезде (VI ғасырдың екінші жартысында) әлемдегі ірі мемлекеттердің бірі болған, бір шеті Қиыр Шығыс, екінші шеті Қара теңізге дейін созылған Түркі қағандығы ықпал етті (Аяған, т.б., 2011: 42-43).

VIII ғасырдан былай қарай қалыптаса бастаған ірі саяси бірлестіктердің бірі, мекен еткен этникалық аумағы бүгінгі Қазақстанның едәуір жерін/аумағын қамтыған қыпшақ тайпалық бірлестігі құрылды. Шығыс деректерінде қыпшақ иелігі XI ғасырдан бастап-ақ

«Дешті Қыпшақ» деп атала бастайды. Қыпшақ хандығының құрамына қазақтың Үш жүзінің көптеген тайпалары мен рулары кірді (Кумеков, 2005:445).

Моңғол басқыншылығынан пайда болған, ғылымда «Жошы ұлысы», «Алтын Орда», «Ақ Орда» деген атаулармен белгілі алып империяның негізін түркітілді тайпалар мен халықтар, яғни жергілікті тайпалар құрды. Моңғолдар бұл мемлекеттерге тек билеуші әулетін ғана әкелді (Аяған, т.б., 2011: 44). Кейіннен моңғолдардың біразы өз елдеріне қайтып кетті. Ал қалғандары аз уақыт ішінде түркі тұрғындарының ішіне араласып кетті. Бұл туралы араб саяхатшысы әл-Омари былай жазған: «Ескіде бұл мемлекет қыпшақтар елі болған, алайда, татарлар (моңғолдар) оларды иемденіп алғанда, қыпшақтар олардың қол астында қалды. Кейін олар араласып, туыстасып кеткенде, әуелгі табиғи және нәсілдік белгілерінен топырақ асып түсіп, олардың бәрі дәл бір рудан шыққан қыпшақтар тәрізді болды» (Тизенгаузен, 1884:235).

Алтын Орданың құрамына кірген түркітілдес тайпалар, соның ішінде, кейінірек, қазақ ұлтының негізін қалағандары да генетикалық жағынан тамырлас, тілі, ділі, діні мен этнографиялық сипаты жағынан бір-біріне өте жақын еді. Бір мемлекет аясындағы саяси бірлестік, орталықтандырылған билік пен жақсы ұйымдастырылған, тәртіпке бағынған әскердің, басқарушы аппараттың болуы, қалалардың салынуы, ислам дінін қабылдануы т.б. жағдайлар түбі бір туыс тайпалар мен халықтарды өзара жақындата түсті. Сөйтіп олар өздерін толыққанды қоғам, қауымдастық деп сезінді. Сондықтан да ішкі қайшылықтар мен талас-тартыстардың салдарынан Алтын Орда құлап, бірнеше хандықтарға бөлініп кеткенде, әр хандықтың аумағында қалып қойған халық бұрынғы мызғымас отанын аңсап, күйзеліске түсті. Империя құлап, оның құрамындағы түбі бір түркітілдес тайпалар бөлшектеніп, дербес мемлекеттерін құрғаны, сөзсіз, прогрессшіл процес болды. Алайда билік басындағылардың алауыздығын қарапайым халық құп көрмеді, өйткені халық үшін ішкі алауыздықты тиып, ынтымақты бірлікте болу, сыртқы жауға қарсы тұра білу өте маңызды еді. Сондықтан бұл кезең өкінішке толы өте ауыр, нәубетті кезең болды, «дейін және кейін» дейтін уақыт өлшеміне айналды. Эпостарда жырланатын оқиғалар не сол іргесі ажырамаған бірлік кезеңінде, не бірлестік құлағаннан кейін орын алған.

Қазақ эпостарында бірлік дәуірі, тұтас бір жұрт идеясы Ноғайлы елі, ноғайлы дәуірімен байланысты жырланады.

«Ноғайлы» деген ел атауы XIII ғасыр соңында Алтын Орданың батысындағы көшпелі ұлыстарды басқарып, жоғары билікке таласқан, маңғыт тайпасынан шыққан қолбасшы Ноғай есімінен шыққан. Кейіннен батыстағы қыпшақтар өздерін «ноғай» деп атай бастаған. Соған байланысты, батыс қыпшақ мемлекеті – Алтын Орданы қазақ жеріндегі ел «Ноғайлы» атаған. Алтын Орда дәуірлеген XIV ғасырдың бірінші жартысы мен ортасында, Өзбек хан мен Жәнібек хан тұсында, бүкіл «қыпшақ даласы» «Ноғайлы» атанып кетті. Алтын Орда әлсіреп, Батыс Қазақстан жерінде Ноғай Ордасы дербес мемлекет ретінде құрылғанда (XV ғасыр), ал шығыста Қазақ хандығы бой көтергенде «Ноғайлы» ұғымы қайта тарыла түседі: Ноғай Ордасы солай аталды (Аяған, т.б., 2011:50), ал Қазақ хандығын құрған (1465 ж.) тайпалар «қазақ» деген ортақ атауды қабылдайды.

Ендеше, тарихи тұрғыда «ноғайлы дәуірі» – Дешті Қыпшақ тайпалары мен халықтарының Алтын Орда (соған қарасты Ақ Орданың да) құрамына еніп, тұтастанған дәуірі. Қазақ халқының эпикалық санасында «ноғайлы дәуірі» – бір шаңырақ астында мамыражай күн кешкен, «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» берекелі заманды білдіреді.

Сондықтан сол дәуір халықтың тарихи және эпикалық санасында өшпес із қалдырып, нәтижесінде қазақ халқының тарихы үшін аса маңызды кезең жайлы эпикалық шығармалардың, соның ішінде «ноғайлы» батырлары туралы эпикалық циклды құрайтын жырлардың тууына түркі болды.

Ноғайлы циклында сомдалған батырлардың біразінің тарихи прототиптері бар, олардың бастауында шежіре, аңыз, жырларда Едіге би, Едіге батыр, Едіге мырза атымен белгілі тарихи Едіге тұр, кейбіреулерін айтпағанда, басым көпшілігі Едігенің ұрпақтары болып келеді.

Өткен ғасырларда ата-бабалары Алтын Ордаға қараған қазақ, ноғай, өзбек, татар, башқұрт, қарақалпақ, қырғыз т.б. халықтардың эпикалық шығармаларында (Закирова, 2011) Едігенің басты қаһарманға айналуының сыры неде? Алтын Орда тарихында билік үшін текетіресіп, соғысып өткен тарихи тұлғалар аз болған жоқ қой?

Зерттеушілер атап көрсеткендей, XIV ғасырдың екінші жартысында Алтын Ордада феодалдық қақтығыстар асқынып, таққа талас күшейді, соның салдарынан орталық билік әлсіреп, империяның іргетасы сәгілді. 1357-1380 жылдар аралығында Алтын Орда тағына бірінен кейін бірі 25 хан отырып, олардың көбі кісі қолынан қаза тапқаны белгілі. Дегенмен сарайдағы бұл қырқыс Орда ішінде ғана жүріп, қараша халықтың тұрмыс-тіршілігіне анау айтқандай зиянын тигізе қойған жоқ. Шындығына келгенде халықтың мақсат-мүдделеріне қайшы келетін тарихи оқиғалар ғана эпикалық шығармалардың арқауына айналады. Демек, халықтың эпикалық жады мен эпикалық санасы өмірдегі фактілер мен оқиғаларды барынша сұрыптап, тарихи тұлғалардың рөлі мен іс-әрекетіне сыни бағасын береді. Таяудағы ұрпаққа зардабы қатты білінген, қоғамның сана-сезіміне өшпестей із қалдырып, жұрт жағасын ұстатқан тарихи фактілер мен оқиғалар ғана эпикалық жырлардың нысаны мен тақырыбына айналады.

Едіге тұлғасының ел есінде мықтап сақталуына бірнеше жағдайлар әсер еткен тәрізді. Едіге қара халықтан шыққан, ол – Шыңғыс әулетінен емес; ол Алтын Орданың заңды билеушісі Тоқтамысқа қарсы шығады; Тоқтамыс Едігенің намысын таптап қорлағаны былай тұрсын, тіпті, өлтіруге әрекет етті; Едіге елден кетуге мәжбүр болды; Едіге – «жаным арымның садағасы», «қорлықты кешіруге болмайды, қанмен ғана жуу керек» дейтін дала заңының айнасы іспетті. Осылайша Едіге жұрт көзіне жазықсыз жапа шеккен, қуғынға ұшыраған кісі көрініп, фольклор заңдылығына сай көмекке, аяушылыққа мұқтаж жан ретінде жырлана бастаған. Және де Едіге бидің соншалықты танымал болуына оның бойындағы қайшылықтар, таққа талас барысындағы күтпеген әрекеттері де себеп болған сияқты. Сонымен бірге халық Едігенің билікке келген соң мемлекеттің іргетасын нығайту үшін көп іс тындырғанын жақсы білді. Оның есімінің әспеттелуіне осы жағдай да әсер етпей қоймаса керек.

Алайда, әкелі-балалы Уәлихановтар (1841) жазып алған ең көне қазақ нұсқасында Едігенің әрекетін қоштаудан гөрі жазғыру басым. Жырда Тоқтамыстың ұлы Алтын Орда тағына отырады да, Едігені қорлайтын әрекет жасайды. Қорлыққа шыдамаған Едіге де, ұлы да көп ұзамай құсадан өледі. Жырдың бұлай аяқталу себебі түсінікті, өйткені халық Едігенің Алтын Орда жауларымен бірігіп елге лаң салған әрекетін түсіне де, кешіре де алмады.

Едіге би – эпикалық қаһарманға айналған тарихи тұлға. Алтын Орда тарихындағы оның қайраткерлігі жөніндегі пікірлер әр қилы. Ол туралы замандастары да, кейінгі ғасырлардағы жылнамашылар мен тарихшылар да көп жазды. Сондай жазбалардың біразы В.Г.Тизенгаузеннің еңбектерінде жинақталып берілген (Тизенгаузен, 1884; Тизенгаузен, 1941). Нақты тарихи деректер бойынша Едіге Тоқтамысты тақтан тайдыру үшін Алтын Орданың қас жауы Ақсақ Темірмен одақтасты, ақырында Ақсақ Темір Алтын Ордаға басып кіреді (Тизенгаузен, 1884: 459). Алайда Ақсақ Темірдің де көздегені Алтын Орданы өзіне қаратып, мемлекеттігінен айыру болғаны күмәнсіз. Тарихшылардың дерегіне қарағанда кезінде Ақсақ Темір Тоқтамыстың таққа отыруына көмектеседі. Бірақ кейіннен Тоқтамыс бірінші болып достық одақты бұзған (Тизенгаузен, 1941:109). Тарихтан белгілі, Тоқтамыс хан да, Едіге би де Алтын Орданы басқарып тұрған кездерінде мемлекеттің нығаюы үшін аз тер төкпегенін айта кеткен абзал. Десек те, екеуара бітіспес жаулықтың салдары алып империяның құлауына әкеліп соқты.

Бізде Едіге туралы жырлардың оншақты нұсқасы белгілі. Эпосты ең алғаш 1841 жылы қағаз бетіне түсірген Шыңғыс пен Шоқан Уәлихановтар. Шоқан Шыңғысұлы Едіге туралы эпостың нақты-тарихи негізін жақсы білгендіктен драмалық үштікті құрайтын (Тоқтамыс – Едіге – Ақсақ Темір) үш тұлғаның әрекеттері анық көрінетін сюжеттің толықтығына, шығарманың тарихилығына назар аударған, жыраулық поэзияның классикалық үлгісіне баланатын жырды жоғары бағалағаны белгілі (Валиханов, 1984: 280-281). Уәлиханов

нұсқасында тарихи шындық сол қалпында баяндалмайды, ол эпикалық жады арқылы қабылданып, халық идеалы мен принциптері тұрғысынан ұғынылады, эпикалық дәстүр аясында бейнеленеді. Эпостың өзегіне тарихтан белгілі нақты фактілер мен оқиғалар арқау болса, оның фабуласын құрайтын мотивтер эпикалық сюжеттер қорының көне қабаттары мен жалпытүркілік мифологиядан хабар береді. Олар – кейіпкердің ғажайып жағдайда тууы, ерекше балалық шағы, жастай жетім қалуы, ханның қызметінде жүруі, туған жерінен қуылуы, қаһармандық үйлену, кек алу парызы т.б. В.М.Жирмунский ғылымда «Уәлихановтың классикалық нұсқасы» деп жүйеленген осы нұсқаны жоғары бағалай келе, жырдың мәтіні мен аудармасы «... До сих пор остаются наиболее надежным источником для изучения сказания, как по филологической тщательности текста, так и по близости содержания варианта к предполагаемому архетипу» – деп көрсеткен (Жирмунский, 1974:351). Бұл рас та, өйткені кейінгі нұсқаларда жыр тарихи негізінен алшақтап, кейінгі дәуір оқиғаларымен байытылып, сюжеті қаһармандық сипатқа ауысып, архаикалық (мысалы «қалыңдықты ұрлау»), хикаялық (өгей балаға ғашық болу), ертегілік-мифтік (Едіге басына қауіп төнгенде аққуға айналып, шаңырақтан ұшып шығады) сюжет-мотивтер енгізіліп, Едіге образы трансформацияға ұшырап, Отан қорғаушысына, қалмақтарды жеңген жеңімпазға айналған.

Мысалы, Ш.Ш.Уәлиханов нұсқасында Тоқтамысқа әйелі: «Едігенің әруағы сенің әруағыңнан күшті» дейді. Көне наным-сенім бойынша бұл дегеніңіз болашақта Едіге ханнан да құдіретті, ықпалды болады дегенді білдіреді. Сол себепті Тоқтамыс Едігеден құтылуға тырысады. Басқа нұсқаларда бұлардың екеуара қақтығысының себебі әрқилы түсіндіріледі. Мысалы «Едіге, Нұран», «Мәулімнияз, Едіге» эпостарында ханның жас әйелінің Едігеге ғашық болуы (Едіге ханшаның Тоқтамысты өлтіріп, таққа отырып, өзіне үйлену туралы ұсынысынан бас тартқаны үшін, ханша оның көзін құртуға тырысады) себеп болса, «Едіге батыр» мен «Едіге» мәтіндерінде Едігенің әкесі ешкімде жоқ құстың балапандарын жасырын түрде Сәтемірге (Ақсақ Темір) бергені үшін Тоқтамыс Едігенің әулетін түгел өлтіруді көздейді. Кейбір нұсқаларда («Едіге, Нұран», «Едіге») Сәтемір Едігенің қайынатасы ретінде аталады, демек, Едіге Отанының қас дұшпанынан емес, өзінің жақын туысынан көмек сұраған болып шығады. Басқаша айтқанда кейіпкердің теріс әрекетін жұмсартып көрсету тенденциясы байқалады. Эпостың «Қырымның қырық батыры» топтамасына кіретін нұсқасында Едіге көптеген қалмақ батырларын жеңеді, бірақ бұл кейіпкер өмір сүрген дәуірдің тарихи шындығына сай келмейді. Едіге туралы эпостың барлық нұсқаларында оның әрекеттері билікке таласқа, аяқасты тапталған ары үшін кек алуға арналатынын айта кеткен абзал.

Ноғайлы циклының құрамында Едіге туралы эпостардан бөлек басқа да жеке батырларға арналған көп нұсқалы жырлар бар екені жоғарыда айтылды. Бұл жырлар жүз томдық «Бабалар сөзі» ғылыми Серияның томдарында жарық көрді, атап айтқанда: Едігеге арналған жырлар (Серияның 39-томы, 8 нұсқа), «Орақ, Мамай» (Серияның 40-томы, 4 нұсқа), «Қарасай, Қазы» (41, 42, 43-тт., 12 нұсқа), «Сайын батыр» (44-т.), «Ер Тарғын» (44-т., 3 нұсқа), «Қарабек батыр» (44-т., 2 нұсқа), «Ер Көкше, Ер Қосай» (44-т.), «Ер Шора» (45-т., 4 нұсқа), «Төрехан батыр» (46-т., 2 нұсқа), «Бөген батыр» (46-т., 2 нұсқа).

Циклға кіретін көптеген шығармалардың тарихи оқиғаларға құрылғаны күмәнсіз, себебі, басты кейіпкерлердің есімдері мен олардың іс-әрекеттері, мәтіндерде көрініс тапқан факт, детальдар тарихи құжаттардан белгілі. Атап айтатын жәйт, аталған шығармалардың тақырыптары мен сюжеттері әр қилы. Мысалы, Орақ пен Мамай, Қарасай мен Қазыға арналған шығармаларда, көбіне, туған-туысқандардың өзара қарым-қатынастары сөз болады, яғни Мұса хан ұрпақтарының өзара қарым-қатынасы қандай болғаны аңғарылады. Мұнда Мұсаның тоқалынан туған Сымайыл өз бауырларына қарсы жүйелі, мақсатты түрде күрес жүргізеді. Екіжүзді пасықтығы мен аярлығының арқасында туыстарын араздастырады, нәтижесінде, туған бауырлар бір-бірінің қанын төгеді. Сымайыл тақ мұрагерлерін ығыстырып, көзін жойып, өзі таққа отыруды көксейді, ақырында сол мақсатына жетеді де, бірақ халық бұған наразы болады.

Шора батырға арналған шағармалар тарихи оқиғаларға құрылғанын эпосты алғаш зерттеуші М.О.Әуезов атап көрсеткен: «Шора Қазан хандығының ішіне кірген тамалардың батыры. Бұл тарихта орын алған адам... Шора батырдың батырлық әңгімесін туғызған, Қазан хандығының құлағанына қайғырған, камыққан ел қиялы дейміз» (Әуезов, 2001: 97). Шора батыр туралы эпос тарихи оқиғаларға негізделсе де, шынайы тарихты қуаламайды. Шорабасқа да эпостардың кейіпкерлері тәрізді зарыға күткен, құдайдан тілеп алған бала. Болашақ батырға жүкті болған анасы жолбарыстың жүрегіне жерік болады. Болашақ қаһарман тумай тұрып, бір күні Ақтеңіздің беті көпіршіп, судан шұбар айғыр шығады да, үйірге келіп қосылады. Әкесі Нәрікбай сол шұбарды мінетін ұлым болса деп армандайды, т.б... Қарт әкенің арманы орындалып, Шора батыр болып өседі, кез келген жауды жеңеді. Жыр фабуласында ғылымда «әке мен бала күресі» деп жіктелген (Веселовский: бой отца с сыном) мотив көрініс береді. Шораның олжаға алған қалмақ қызы Жөрметөз батырдың әйелі Түймебикенің түртпегіне шыдамай өз еліне қашып кетеді, ұл туып, есімін Алып қояды, әкесінің кім екенін айтпайды. Алып 10 жасқа толғанда Қазанды шабады, Шораның ата-анасын, ағасын тұтқындап, малдарын олжа қылады. Анда жүрген Шора мұны естіп, артынан қуып барады. Алайда әке мен баланың қақтығысы баяндалмайды, өйткені жыр дәл осы эпизодқа келгенде үзіліп қалған. Бұл мотив/эпизод қазақ нұсқаларының ішінде тек осы мәтінде ғана кездеседі. Алайда бұл жыршының жанынан қосқаны емес, мұндай мотив/эпизод ноғай мен татардың кейбір нұсқаларында және қырым татарларынан жазылып алынған мәтіндерде де ұшырасады. Біраз халықтар фольклорында, сондай-ақ қазақ эпосында, кездесетін бұл мотив отандық ғылымда белгілі деңгейде зерттелген (Әзібаева, 1998: 56-62); (Әлмұханова, 2009: 217-239); (Сұлтанғалиева, 2015).

«Бөген батырдың» сюжеті ғашықтық жырлардың сюжетімен бірдей: мұнда отбасын құру үшін ерлік көрсеткен Жанай қарттың тілеп алған перзенті жас батыр Бөгеннің жорықтары жырланады. Бала үш жасында асауды бас білдіріп, алты жасында ел шетін күзетеді. Қызылбас Қарайманның қызы Ақборықтың елден асқан сұлу екенін естіп, қыздың еліне аттанады, Ақборықпен кездеседі. Одан арғы оқиғалар эпостың фабуласына қосылған «батырдың қалыңдығы үшін күресі» сюжетінің аясында өрбиді. «Қарабек батыр» эпосында қалмақтың ханы Қараман түсінде оят, қият, қоңыраттардың ханы Қадірханның айдай сұлу қызы Ханбибіні көреді, оған ғашық болады. Бір түмен қолмен Қадірханның еліне аттанады. Қадірхан да сәуегей түс көреді. Ханның алты жасар баласы Қарабек жауға қарсы тұрып, Қараманның әскерін талқандайды. Одан ары қарай эпосқа Ханбибінің опасыздығын, батырлардың достығын, қара құлдың сатқындығын, бір қыздың сатқындығы мен екінші қыздың имандылығын т.б. баяндайтын бірнеше хикаялық мотивтер мен тұрмыстық эпизодтар қосылған. «Сайын батыр» эпосында батыр боп туған Сайын жеті жасында ерлік көрсетеді, бірақ қалың жаудан жеңіліс тауып, бірнеше жерінен жараланып, денесі ұрыс даласында қалады. Әйелі оның жағдайын түсінде көріп, енесімен бірге іздеп шығады. Тауып алады да, жарақатына ғажайып шипалы дәрі жағып, тірілтіп алады. М.О.Әуезовтің пікірінше бастапқы нұсқада Сайын батыр ұрыста қаза табады, оқиғаның сәтті аяқталуы – кейіннен кіргізілген қоспа (Әуезов, 2001: 91-94).

«Ер Көкше» жырының қаһарманы майдан даласында ауыр жараланады, өлер сәтінің жақындағанын сезеді. Осы сәтте жауынгер жолдасы Манаш: «Сен секілді батырдың бұлай жатуы жарамас. Ерге қон! Жау келді!» «Аруақтап қарсы шап!» – дейді. Көкше майдандас жолдасының ақылын құп алады да, ат үстінде жан тапсырады.

Жеке батырларға арналған жырлармен қатар, жоғарыда айтылғандай, ноғайлы циклына «Қырымның қырық батыры» атты топтама кіреді. Топтама өткен ғасырдың отызыншы-қырықыншы жылдары Батыс Қазақстаннан табылып, 1942 жылы Мұрын жырау Сеңгірбаевтан жазылып алынды. М.Сеңгірбаевтан жазылып алынған жырлар, нақтылап айтқанда – толық аяқталған 31 жыр мен 6 жырдың қысқа ғана үзінділері, жалпы саны 41 батырдың ерліктерін паш ететін 37 мәтін «Бабалар сөзі» ғылыми Серияның 50, 51-томдарында жарияланды.

«Қырымның қырық батыры» топтамасы атақты батырларды өзара туыс ретінде көрсетіп, қазақ эпосының сюжеттерін жүйелеп, тұтастандыруға жасалған әрекеттің жемісі сияқты. Яғни кейінірек тұтастануға түссе керек (Жирмунский, 1974:394). Топтамаға кіретін эпостар ұзаққа созылған биографиялық және сюжеттік, тарихи және шежірелік тұтастану процесі барысында қалыптасқан. С.А.Қасқабасов шығармалардың топонимикасын зерттеп, оның географиялық тұтастануға түскенін де дәлелдейді (Қасқабасов, 2001:58).

Жыршылар біртұтас эпопея аясында эпикалық батырлардың үлкен бір тобы туралы, яғни олардың әрқайсысына жеке-жеке, бір-біріне тәуелсіз, жеке шығарма арнауды мақсат еткен. Басқаша айтқанда, топтама тұтастану қағидасына сай жасалған. Мұны көп жағдайда шығарманың жинақылығынан, оқиғалардың қысқаша баяндалып, эпизодтардың үзік-үзік күйде берілуінен аңғарамыз. Аталған шығармалардың көлемінің шағын болуына да осы жәйт себеп болған, мысалы «Шора» эпосы – 1812 жол, «Қыдырбайұлы Қобыланды» – 1687, «Нәрік» – 1170, «Сүйініш» – 1495, «Қарғабойлы, Қазтуған» – 1336, «Жұбаныш» – 1220, «Нұрадын» – 1130, «Қарасай, Қазі» – 1077, «Тана» – 1051 жыр жолынан тұрады, қалған мәтіндер мың жолға да жетпейді, ал жыр үзінділерінің (барлығы алты жыр) жол саны тіпті аз: 93, 58, 50, 43, 37, 34 жол. Топтама эпостың табиғи өмір сүру ортасы келмеске кеткен 1943-1944 жж. қағазға түскенін, Мұрын жыраудың жасы келіп қалғанын ескерсек, оның құрамына кірген эпостардың көлемі бұрын біршама ауқымды болған деп болжауға негіз бар.

Талданып отырған топтамаға кіретін шығармалардың басты тақырыбы – қаһармандық, туған жерін жаудан қорғау. Жырларда өте жас батырлар қалмақ/ындыс/қызылбастарды жеңу, шапқыншы жаудың бетін қайтару, жақындап қалған дұшпаннан ел шетін қорғау мақсатында жолға шығады; дегенмен, бала батырдың алыс сапарға шығуының себебі әртүрлі болуы мүмкін, мысалы, әкесінің кегін алу, кейде өз күшін дәлелдеу я әкесінің жолын қуғанын дәлелдеу мақсаты түрткі болуы ықтимал. Кейде батырлар жауды өздері іздеп шығады, яғни олардың жорығы үнемі қорғану сипатында бола бермейді. Мұндай сюжеттер бастауын ертеде «бір тайпаның екінші тайпаны жылдам шауып кететін» дәуірден алады (Пропп, 1958:13, 71). Ноғайлы циклы пайда болған дәуірде мұндай сюжеттерге қайтадан қажеттілік пайда болды.

Алтын Орда мен Ноғай Ордасындағы әскери-саяси жағдайлар, қазіргі ұғымдағы шекараның болмауы, феодалдық өзара қырқыс, сыртқы жаудың күтпеген жерден шабуылы, бір сөзбен айтқанда, елдің қорғансыздығы қорғаушы батыр бейнесін алдыңғы қатарға шығарды. Үркін-қорқын заман бұрын-соңды болмаған, жаудан жүрегі қайтпайтын қаһарман бейнесін сомдауды, оның батырлық жорықтарын паш етуді талап етті. Барлық дерлік жырлардан батырдың хан мен биден де маңызды болғанын аңғарамыз. Тарихта қалмақтардың Қазақ хандығына ерекше қауіп төндіргені жыршыларға аян болғандықтан, олар классикалық қаһармандық эпостардағыдай емес, жауға бірінші боп өздері тиісетін бұл батырлардың басқыншылық жорықтарын сын тезіне алған жоқ. Көбінесе дұшпанның ноғайлы жеріне шабуыл жасамақ ниетін білген батырлар (кейде сәуегей түс арқылы) жорыққа бірінші аттанып, бірінші болып соққы береді. Демек, қаһармандардың күллі іс-әрекеті, түптеп келгенде, туған жерін жаудан қорғауға арналады, яғни елін-жерін қорғау мақсатына бағытталған.

Жыр кейіпкерлері батырлығын 6, 7, 8, 10, 11 жастан бастап, кейбірі 15, 17 жасында көрсетеді, мысалы Қарасай, Шора, Ер Кеңес, Қарабек пен Бөген 6 жасында, Ер Қосай – 5-6 жасында, Ер Сайын – 7, Тұяқбай – 8, Нұрадын, Алау мен Жұбаныш – 10, Көгіс пен Тегіс – 11, Мұса – 15, Телағыс – 17 жасында ерлік жасайды. Ерекше жағдайда туу сюжеті талданып отырған циклдың санаулы жырларында ғана кездеседі (мысалы: «Қыдырбайұлы Қобыланды», «Нәрік», «Ақжонасұлы Ер Кеңес»). Алайда көптеген мәтіндерде болашақ батырдың қартайған ата-анадан туылғаны, анасы жүкті кезде арыстан, жолбарыстың немесе жеті басты айдаһардың жүрегіне жерік болғаны айтылады. Сондай-ақ, қаһарман дене мүшесінің кемістігі бар әйелден тууы мүмкін, өйткені ежелгі наным бойынша ондай әйелдерден ерекше бала туылады-мыс (Қарасай, Қазі).

Кейбір мәтіндерде «батырлық балалық шақ» мотиві көрініс береді. Болашақ батырдың ерекшелігі батырдың ұйқысы арқылы да көрсетіледі: Орақ пен Мамай жас күндерінде-ақ 6 күн, 6 түн ұйықтайды, ыстық, суықты елемейді, Бөген батыр 14 күн, 14 түн ұйықтайды т.б.

Барлық эпостарға қаһарманның елден ерекшелігі, ә дегеннен батыр болуы идеясы таңылған, сондықтан, егер кейіпкер 10 жасқа дейін алаңсыз ойын қуып жүрсе үлкендерден сөз естиді. Мысалы, Сүйініш 10 жасқа келсе де асық ойнап жүреді. Сонда бір қария келіп: «Бабаларыңның бәрі батыр еді, ал сен әлі асық ойнап жүрсің, оларға тартпапсың» деп жазғырады. Осыдан кейін Сүйініш жорыққа аттанады.

Батырлардың қаруы – садақ пен жебе, найза, болат қылыш, шоқпар, кигендері – берік сауыт, ұстағаны – қалқан. Олар өз күштеріне сенімді болғандықтан, кейде жорыққа бір қарумен ғана аттанады, ал қалған қаруды жеңген жауынан тартып алады. 10 жасар Алау батыр төрт айшылық жердегі қалмаққа аттанғанда тек болат қылышын ғана алады: шығарып салған ата-анасына «қалған қаруды жаудан тартып аламын» дейді. Батырдың жаумен жекпе-жегі бір сарында беріледі. Қарсыластар өз есімдерін атайды, шайқасады, көп жағдайда жеңілген жақтың әскері жеңілгендігін мойындап, ұрыс алаңынан қашады, кейде батырларының жеңілгеніне қарамастан соғысады. Қалай болғанда да ноғайлы батыры жеңіп шығады. Жалпы айтқанда, мұндағы соғыстар бұрынғыдай көркем жырланбайды. Батырлар классикалық қаһармандық эпостардағыдай 30, 40 мың жауға қирата соққы бермейді. Кейде өлген жаудың саны айтылады, мысалы «Көкшенің ұлы Ер Қосай» эпосында Қосай қалмақтың мың сарбазын жеңеді, «Сүйініш» эпосының қаһарманы үш мың қалмақпен бір күн соғысып, 2500-ін қиратады, қалғандары қашып құтылады, Ер Бегіс мың қалмақпен соғысып, жеңіске жетеді, Көгіске («Көгіс, Тегіс») 500 қалмақ әскері қарсы тұрады т.б.

Ноғайлы батырлары, негізінен, қалмақ, қызылбастармен соғысады, алайда, сонымен қатар архаикалық пен классикалық қаһармандық эпостарда кездеспейтін жаңа жау – ындыстармен де шайқасады.

Сондай-ақ, топтамаға кіретін жырларда көне эпостарда кездеспейтін діни мотив көрініс береді. Классикалық эпостарда қазақ батырлары – мұсылман, олардың дұшпаны қалмақтар – дінсіздер, алайда жауын дінге кіргізу мотиві ұшыраспайды. Талданып отырған циклдың көптеген шығармаларында қаһарман жау әскерін талқандаған соң, елін ислам дініне қаратады, мысалы «Аңшыбай», «Парпария», «Қарадөң», «Манашыұлы Тұяқбай», «Жанбыршыұлы Телағыс», «Нұрадын» т.б. Қаһармандардың соғыста түсіретін олжасы, әдетте, малмен шектеледі, яғни үйір-үйір жылқы олжалап қайтады, кейде жеңілген жаудың халқы ноғайлы еліне қосылады (сирек те болса кездеседі); тек «Ақжонасұлы Ер Кеңес» жырында ғана алты жасар қаһарман қалмақ ханын жеңіп, оның қызы Қарлығашқа үйленеді. Бұл эпизод тағдырға «жазылған қалыңдық» мотивінен сыр беріп тұрғаны анық, бірақ жырда «олжаға түскен қыз» мотиві түрінде берілген. Жорықта жеңіске жеткен батырлар еліне келген соң олжаларымен бөлісіп, той жасайды, кейде қала салады («Аңшыбай»).

Топтама құрамындағы шығармалардың архитектурасы өте қарапайым, олар қаһарманның бір немесе екі жорығын баяндауға құрылған. Бұларда төтенше жағдайда дүниеге келу, қаһармандық үйлену, қалыңдығының тойының үстінен түсу сияқты архаикалық сюжеттік стереотиптер, жоғарыда айтылғандай, өте сирек кездеседі.

**Қорытынды.** Ноғайлы циклы жалпықазақ эпикалық қаһармандық дәстүр аясында жасалды, алайда өзіндік ерекшеліктері де бар.

Біразжырлардың сюжеттік-мазмұндық негізін өткен дәуірлердің нақтылы-реалды оқиғалары құрайды, олар көптеген жағдайда сюжетқұраушы бірлік мәртебесін иеленетіні анықталды. Жырларда жаңа дұшпан (ындыс), жаңа мотив, идеялар (діни мотив, қала салу, өзге халықтарды қамқорына алу т.б.) көрініс береді. Эпостарда қаһарманның күллі іс-әрекеті, ойы, сезім-санасы Ноғайлы елін, ноғайлы жұртын қорғауға бағытталады. Ерлік істі мадақтау культтік мән иеленген. Кейіпкердің батырлығы, ержүректілігі, алға қойған мақсатқа жету жолындағы табандылығы арқылы бейнеленіп отырған дәуірдің келбеті мен рухы, дәуірдің



бас қаһарманы – батыр тұлғасы танылады. Цикл қаһармандары тумасынан батыр және олар – жеке батырлар, жандарына жолдас ертуі ілуде бір кездеседі; батырлардың басым көпшілігі – жас бала, яғни батыр образының «бала батыр» (богатырь малолетка) типіне жатады.

Қаһармандық рухтағы эпостың барлық түрлерінде батыр – отбасы, ру, тайпа, бүтін елдің, Отанның қорғаушысы, ол– мәңгі жеңімпаз. Бұл – эпикалық түсініктің, эпикалық сананың логикасы мен эпос эстетикасының концепциясы. Басқалай болуы да мүмкін емес. Өз жерін, Отаның, отбасы мен ошағын қорғаушы батыр ешқашан жеңілмеуі тиіс. Алайда ноғайлы циклы құрамындағы кей жырлар қайғылы аяқталады, мұнда қаһарман: 1) бейбіт өмірде опат болады (Шора батыр), 2) билікке таластын құрбаны болады (Орақ батыр, Сарау, Палуан сұлтан, Батыр хан, Мамай батыр т.б.), 3) майдан алаңынды қаза табады (Ер Көкше, Ер Сайын).

Задында, бас кейіпкердің өлімі – қаһармандық дәстүрдің дағдарысқа ұшырауының белгісі: өткенді жырлаудың мифологиялық, қаһармандық-тарихи дәстүрі өзінің потенциалды (әлеуеттік) мүмкіндіктерін тауысып, бірте-бірте реалды-тарихи дәстүрге, яғни тарихи эпос дәстүріне ауысуының белгісі (Әзібаева, 2016: 255-262; Әзібаева, 2017: 80-81). Басқаша айтқанда ноғайлы циклы қазақ эпосының өмір заңдылықтарына сай жаңғырған алға басқан, ілгері ұмтылған даму үдерісінің келесі сатысы.

Жыршылар шығармалардың басты идеясын іске асырып, эпикалық батырлардың монументалды образын сомдау үшін көптеген фольклорлық сюжеттер мен мотивтерді пайдаланған. Олардың қатарында: перзентсіздік, ғажайып туу, ерте ержету, ерте жетімдік мотиві, батырлық құдалық, қалыңдықтың ұрлануы мен оны құтқару, қызды олжаға алу, өгей шешенің күйеуінің асыранды баласына немесе қызметшісіне ғашық болуы, сырттай ғашық болу, батырлық тұлпар, аттың араздыққа себеп болу мотиві, түс/аян мотиві, батырлық айғай, құлдардың бас көтеру мотиві, өтірік ант, діни мотив, аталар аруағы мотиві, ханға қызмет ету мен оған қарсы шығу мотиві, кейіпкердің айдаһармен жекпе-жегі, құбылу мотиві, мифтік персонаждармен некелесу мотиві, бірін-бірі танымаған әке мен баланың бір-біріне қарсы шығу мотиві, Жерұйықты іздеу мотиві, қайта тірілу мотиві т.б.

Ауызша пайда болып, ауызша тараған, бірнеше буын жыршы, айтушы, орындаушылардың эпикалық санасында сақталып, жеткен ноғайлы циклын құрайтын жырлар әр түрлі деңгейде белгілі бір трансформацияға ұшырағаны анық. Соған қарамастан, жырлар негізгі параметрлерін (өлшемдерін) сақтап қалған, бізге бабаларымыздың іс-әрекеті, сезімі мен ой-санасы, үміттенген, торыққан, қуанышқа толы сәттері туралы баға жетпес мәліметтерді жеткізіп отыр.

**Б.У.Азибаева**

Институт литературы и искусства имени М.О.Ауэзова,  
главный научный сотрудник, д. филол.н., профессор

## **НОГАЙЛИНСКИЙ ЦИКЛ ГЕРОИЧЕСКОГО КАЗАХСКОГО ЭПОСА**

**Аннотация.** Важную и значительную часть казахского фольклора составляет песенное эпическое наследие. Важные, социально значимые темы казахского эпоса, неотъемлемой и составной части общемирового эпического наследия, это – воспевание деяний стрелка-охотника, живущего вдали от людей, защита семьи и семейного очага, защита рода, племени, Еля, Отчизны от иноземных захватчиков, борьба за единство и независимость народа, борьба за личное счастье, защита чести и достоинства отдельного индивидуума, воспевание личностных качеств рядового члена общества, изображение внутренних борений, религиозных чувств и сердечных склонностей его, а также межличностных, внутрисемейных, внутриродовых и межродовых взаимоотношений и т.д.

Общенародная тема защиты отечества, будучи актуальной во многие периоды истории Казахстана, является доминантной темой эпосов героической направленности, и получила наивысшее художественное воплощение в классических образцах героического эпоса, по

праву вошедших в золотой фонд мирового эпического наследия; образы же богатырей защитников стали примером подражания для многих поколений.

Герои классических образцов героического эпоса, например, эпосов «Алпамыс батыр», «Кобыланды батыр», «Камбар батыр» и др. защищают интересы отдельных родов и племен, предводителями которых являются. Герои ногайлинского цикла героического эпоса защищают не отдельный род или племя, а ногайлинский Ель в целом. В исторических эпосах батыры защищают интересы Казахского ханства, борются за свободу, независимость, покой и счастливую жизнь всего казахского народа. Указанные жанры эпоса дают нам панорамную картину поступательного развития национального эпоса от родо-племенного до государственного эпоса. Ногайлинский цикл представляет собой семантически значимую часть героического казахского эпоса, символ определенного этапа исторического развития его.

Ногайлинский цикл героического эпоса создан в рамках общенациональных эпических традиций, в то же время он характеризуется только ему присущими параметрами и особенностями.

**Ключевые слова.** Героический эпос, ногайлинский цикл, фабула, героическая эпоха, героико-патриотический концепт, сюжетобразующие реально-жизненные коллизии, духовность, богатырь малолетка, история и эпос.

**B.U. Azibayeva**

M.O. Auevov Institute of Literature and Art,  
Chief researcher, Doctor of Philology, Professor

## **NOGAY CYCLE OF THE KAZAKH HEROIC EPIC**

**Abstract.** Epic song heritage is an important and significant part of the Kazakh folklore. Important, socially significant issues of the Kazakh epic, an integral and composite part of the global epic heritage – praising the actions of the arrow-hunter, who lives separately from the people, protection of the family, protection of the clan, tribe, El, Motherland from foreign invaders, the struggle for the unity and independence of the people, the struggle for personal happiness, protection of honor and dignity of the individual, glorifying personal qualities of the average member of society, depiction of the internal struggles, religious feelings and affections, as well as interpersonal, intra-family, intra-tribe and inter-tribe interactions, etc.

The national theme of protection of the Motherland, being relevant in many periods of history of Kazakhstan, is a dominant theme of the epics with heroic orientation, which received the highest artistic expression in classical samples of the heroic epic which were rightly included into the golden Foundation of the world epic heritage; images of the heroes- defenders became an example to follow for many generations.

Heroes of classical samples of the heroic epic, for example, epics "Alpamys Batyr", "Kobylandy Batyr", "Kambar Batyr", etc. protect interests of specific clans and tribes which they lead. Heroes of Nogay cycle of the heroic epic don't protect a specific clan or tribe, but the whole Nogay El. In historical epics, the batyrs defend the interests of the Kazakh khanate, fight for freedom, independence, peace and happy life of the entire Kazakh people. These epic genres give us a panoramic picture of the progressive development of the national epic from the clan-tribal to the State epic. Nogay cycle is a semantically significant part of the heroic Kazakh epic, a symbol of a certain stage of its historical development.

Nogay cycle of heroic epic is created within the frame of national epic traditions, however, it is characterized by its specific parameters and features.

**Keywords.** Heroic epic, Nogay cycle, plot, heroic era, heroic-patriotic concept, plot-forming real-life collisions, spirituality, young bogatyr, history and epic.

**Information about authors:**

## ӘДЕБИЕТ

- [1] Аяған Б.Ғ., Әбжанов Х.М., Исин А.И. Қазақ хандығы тарихы: құрылуы, өрлеуі, құлдырауы. – Алматы, Қазақстан: Сөздік-Словарь, 2011 (қаз.).
- [2] Әзібаева Б.У. Қазақ дастандық эпосы. – Алматы, Қазақстан: Ғылым, 1998 (орыс.).
- [3] Әзібаева Б.У. Қазақ эпосы: Сюжеттік-мотивтік қорының доминанттары мен константтары. – Saarbrücken, Deutschland: LAP LAMBERT Academic Publishing, 2016 (орыс.).
- [4] Әзібаева Б.У. Қазақ эпосының қаһармандық-патриоттық концепты. // ҚР ҰҒА Хабарлары. – 2017. – №6. – 79-84 б. (орыс.).
- [5] Әлмұханова Р. Қазақ фольклорындағы антикалық сарындар. – Алматы, Қазақстан: Арыс, 2019. (қаз.).
- [6] Әуезов М.О. Әдебиет тарихы. // Мұхтар Әуезов. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы, Қазақстан: Ғылым. – Т.4.– 5-236 б. (қаз.).
- [7] Валиханов Ч.Ч. Шығармаларының бес томдық жинағы (1984-1985). // Алматы, Қазақстан: Главная редакция казахской советской энциклопедии. – 1984. – Т.1. (орыс.).
- [8] Жирмунский В.М. Түркі қаһармандық эпосы. Таңдамалы шығармалары. – Ленинград, СССР: Наука, 1974. (орыс.).
- [9] Zhurgenov, B.N.T., Zhurgenov, K.I.L., Gulmira, M., Zulfiya, K. The national epic and the science of the epic. // Man in India. – V. 97. – Iss.16 – p. 415-431 (ағыл.).
- [10] Закирова И. Алтын Орда тұсындағы эпикалық шығармашылық: Мифологиялық және тарихи негіздері. – Қазан, Ресей, 2011 (орыс.).
- [11] Кумеков Б.Е. IX –XV ғғ. Араб тілінде жазылған ескерткіштер аясындағы Қазақстанның мәдени мұралары. Қазақстанның мәдени мұрасы. // Алматы, Қазақстан: Эдельвейс. – 441-446 б. (орыс.).
- [12] Қасқабасов С.А. Тұтастану – фольклор поэтикасының заңдылығы // Қазақ фольклорының поэтикасы. // Алматы, Қазақстан: Ғылым. – 8-62 б. (қаз., орыс., ағыл.).
- [13] Нұрмағамбетова О. Қазақтың қаһармандық эпосы «Қобыланды батыр» – Алматы, Қазақстан: Дешті Қыпшақ, 2003 (қаз., орыс.).
- [14] Пропп В.Я. Орыс қаһармандық эпосы. Екінші түзетілген. басылым. – Мәскеу, КСРО. Государственное издательство художественной литературы, 1958. (орыс.).
- [15] Sultangalieva R. Description of the problems between fathers and children in the batyrlar zhyry (Kazakh heroic epic) and lyrical epic. // Mediterranean Journal of Social Sciences – 2015. – V.6. – Iss.5S1. – p. 295-302 (ағыл.).
- [16] Тизенгаузен В.Г. Алтын Орда тарихына қатысты материалдар. Т.1. Араб жазбаларынан үзінділер. – СПб., Ресей, 1884. (орыс.).
- [17] Тизенгаузен В.Г. Алтын Орда тарихына қатысты материалдар. Парсы жазбаларынан В.Г.Тизенгаузен жинаған үзінділер. Реттеп жүйеленген А.А.Ромаскевич пен С.Л.Волин. – Т.2. – Москва, Ленинград, СССР: Издательство Академии наук СССР, 1941 (орыс.).
- [18] Phil. Kim. Orea Pansori and Kazakh Jyr in comparison and Contrast. Thesis. – Kangnam. University, Korea, Print, 2010.

## ЛИТЕРАТУРА

- [1] Азибаева Б.У. Казахский дастанный эпос. – Алматы, Казахстан: Ғылым, 1998. (рус.).
- [2] Азибаева Б.У. Казахский эпос: Доминанты и константы сюжетно-мотивного фонда. – Deutschland: LAP LAMBERT Academic Publishing, 2016 (рус.).
- [3] Азибаева Б.У. Героико-патриотический концепт казахского эпоса. // Известия НАН РК. – №6. – С. 79-84 (рус.).
- [4] Әлмұханова Р. Античные мотивы казахского фольклора. – Алматы, Казахстан: Арыс, 2009 (қаз.).
- [5] Ауэзов М.О. История литературы. Мухтар Ауэзов. Полное собрание сочинений в пятидесяти томах. – Алматы, Қазақстан: Ғылым. – Т.4. – С. 5-236 (қаз.).
- [6] Аяған Б.Ғ., Абжанов Х.М., Исин А.И. История Казахского ханства: создание, расцвет, падение. – Алматы, Қазақстан: Сөздік-Словарь, 2011 (қаз.).
- [7] Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах (1984-1985). – Алматы, Казахстан: Главная редакция казахской советской энциклопедии, 1984. (рус.).
- [8] Жирмунский В.М. Тюркский героический эпос. Избранные произведения. – Ленинград, СССР: Наука, 1974. (рус.).
- [9] Zhurgenov, B.N.T., Zhurgenov, K.I.L., Gulmira, M., Zulfiya, K. The national epic and the science of the epic. – Man in India. – 2017 – V.97 – Iss.16 – p. 415-431 (ағыл.).
- [10] Закирова И. Эпическое творчество периода Золотой Орды: мифологические и исторические основы. – Казань, Россия, 2011 (рус.).
- [11] Кумеков Б.Е. Культурное наследие Казахстана в свете арабоязычных письменных памятников IX – XV вв. // Культурное наследие Казахстана. Алматы, Казахстан: Дом печати «Эдельвейс». – 2005. – С. 441-446 (каз., рус.).
- [12] Қасқабасов С.А. Циклизация – специфика поэтики фольклора // Поэтика казахского фольклора. Алматы, Казахстан: Ғылым. – 2001. – С. 8-62 (каз.).
- [13] Нурмағамбетова О. Казахский героический эпос «Қобыланды батыр». – Алматы, Казахстан: Дешт-и Кипчак, 2003. (каз., рус.).
- [14] Пропп В.Я. Русский героический эпос. Издание второе, исправленное. – Москва, СССР: Государственное издательство художественной литературы, 1958. (рус.).
- [15] Sultangalieva R. Description of the problems between fathers and children in the batyrlar zhyry (Kazakh heroic epic) and lyrical epic. // Mediterranean Journal of Social Sciences – 2015. – V.6 – Iss.5S1 – p. 295-302 (ағыл.).
- [16] Тизенгаузен В.Г. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. // Извлечения из арабских сочинений. СПб., Ресей. – Т.1. – 1884. (рус.).

[17] Тизенгаузен В.Г. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. // Извлечения из персидских сочинений, собранных В.Г.Тизенгаузенем и обработанных А.А.Ромаскевичем и С.Л.Волиным. Москва, Ленинград, СССР:Издательство Академии наук СССР – Т.2. – 1941. (рус.).

[18] Phil, Kim. Orean Pansori and Kazakh Jyr in comparison and Contrast. – Thesis. Kangnam. University, Korea, Print, 2010.

## REFERENCES

- [1] Azibayeva B.U. (1998). Kazakh dastan epic. – Almaty, Kazakhstan: Gylym (Rus).
- [2] Azibayeva B.U. (2016). Kazakh epic: Dominants and constants of the plot-motive fund. –Deutschland: LAP LAMBERT Academic Publishing (Rus).
- [3] Azibayeva B.U. (2017). Heroic-patriotic concept of the Kazakh epic. News of NAS RK. 6: 79-84 (Rus).
- [4] Almukhanova R. (2009). Antique motives of the Kazakh folklore. Almaty, Kazakhstan: Arys (Kaz.).
- [5] Auezov M.O. (2001). The History of Literature // Mukhtar Auezov. Complete collection of works in fifty volumes. Almaty, Kazakhstan: Gylym. 4: 5-236 (Kaz.).
- [6] Ayagan B.G., Abzhanov H.M., Issin A.I. (2011). History of the Kazakh Khanate: creation, prosperity, collapse. Almaty, Kazakhstan: Sozdik- Dictionary (Kaz.).
- [7] Valikhanov C.Ch. (1984). Collected works in five volumes (1984-1985). V.1. Almaty, Kazakhstan: Main Edition of the Kazakh Soviet Encyclopedia (Rus).
- [8] Zhirmunsky V.M. (1974). Turkic heroic epic. Selected works. Leningrad, USSR: Science (Rus).
- [9] Zhurgenov, B.N.T., Zhurgenov, K.I.L., Gulmira, M., Zulfiya, K..(2017).The national epic and the science of the epic. ManinIndia. 97(16): 415-431 (ағыл.).
- [10] Zakirova I. (2011). Epic work of the Golden Horde period: mythological and historical foundations. Kazan, Russia (Rus).
- [11] Kumekov B.E. (2005). The cultural heritage of Kazakhstan in the light of Arabic-language written monuments of the 9th - 15th centuries. Cultural heritage of Kazakhstan. Almaty, Kazakhstan: Edelweiss Press House. P: 441-446 (Kaz., Rus.).
- [12] Kaskabassov S.A. (2001). Cyclization - specifics of folklore poetics. Poetics of the Kazakh folklore. Almaty, Kazakhstan: Gylym. P: 8-62 (Kaz.).
- [13] Nurmagambetova O. (2003). Kazakh heroic epic "Kobylandy batyr". Almaty, Kazakhstan: Desht-i Kipchak. (Kaz., Rus.).
- [14] Propp V.Ya. (1958). Russian heroic epic. Second edition, revised. Moscow, USSR: State Publishing House of Fiction (Rus.).
- [15] Sultangalieva R.. (2015). Description of the problems between fathers and children in the batyrlar zhyr (Kazakh heroic epic) and lyrical epic. Mediterranean Journal of Social Sciences. 6(5S1): 295-302 (Eng.).
- [16] Tiesenhausen V.G. (1884). A collection of materials related to the history of the Golden Horde. V.1. Extracts from Arabic writings. SPb., Resei (Russian).
- [17] Tiesenhausen V.G. (1941). A collection of materials related to the history of the Golden Horde. Extracts from Persian works collected by V.G. Tiesenhausen and edited by A.A. Romaskevich and S.L. Volin. V.2. Moscow, Leningrad, USSR: Publishing House of the Academy of Sciences of the USSR (Russian).
- [18] Phil, Kim.(2010). Orean Pansori and Kazakh Jyr in comparison and Contrast.Thesis. Kangnam. University, Korea. Print.